



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

1 шілде
сейсенбі
№48 (2161)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

■ БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ

Нұржан АХАТОВ, Қызылорда қаласының әкімі:

ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ АУЫЛДЫ, АУЫЛМЕН БІРГЕ ҚАЛАНЫ ДАМУЫТАМЫЗ



Бүгінде Қызылорда қаласына қарасты ауылдық округтерде инфрақұрылымдық жобалармен қатар әлеуметтік және экономикалық бастамалар қарқын алып, тұрғындардың өмір сүру сапасы артып келеді. Қала әкімі Нұржан Ахатов халықпен тікелей кездесіп, елді мекендердің тыныс-тіршілігін көзбен көріп, атқарылған жұмыстарды бағамдап, шешімін күткен мәселелерге нақты бағыт-бағдар беру мақсатында қалаға қарасты Белкөл, Тасбөгет, Ақжарма, Ақсуат, Қосшыңырау, Қарауылтөбе, Қызылжарма, Қызылөзек және Талсуат ауылдық округтеріне арнайы жұмыс сапарымен барды.

Шаһар басшысы ауыл тұрғындарының өтінішіне құлақ түріп, олардың көкейіндегі өзекті мәселелерді тыңдау арқылы ашық әрі шынайы байланыс орнатуға ниетті екенін байқадық. Әр ауылда тұрғындармен бетпе-бет сөйлесіп, өзекті деген салаларды, оның ішінде жол, жарық, ауызу, газдандыру, абаттандыру, білім беру, денсаулық сақтау бағытында нақты тапсырма беріп, шешу жолдарын айқындап берді. – Әрбір жобаның, әрбір бастаманың артында тұрғындардың үміті тұр. Біз бұл үмітті ақтауға

міндеттіміз. Халықпен бірге ауылды, ауылмен бірге қаланы дамытамыз, – деген қала әкімі Нұржан Сәбитұлының сөзі бұл кездесудің басты ұстанымын айқындап берді.

Ауыл елдің тамыры болса, сол тамырдың қуаты мен тынысын арттыру – бүгінгі күннің басты міндеті. Қала мен ауылдың арасын тек жол емес, өзара сенім, нақты жұмыс пен шынайы қамқорлық жалғайды.

2-3-БЕТТЕРДЕ

■ БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ОҚЫРМАН!

Әлемді алақандағы смартфонға сыйдырған технократтар заманында газет оқу кенжелеп қалғаны жасырын емес. Дегенмен тасқа басқандай, әр дәуірдің жылнамасы саналатын баспасөздің орны қашанда бөлек екені белгілі. «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол ел күшті болады» деген ұлт зиялысы Міржақып Дулатовтың сөзі күнде айтылмаса да, кәсіби мерекеледе әр жерде айтылып қалады. Дамыған елдердің, тіпті технологиясы көш басындағы мемлекеттердің газетке қамқорлығы баспасөздің қай заманда да керек екенін байқатады. «Егемен Қазақстан» газеті әлем елдерінің баспасөзге қамқорлығын жаза келіп, мынадай деректі алға тартыпты. «Швеция елдегі 100-ге жуық газетке мемлекеттік субсидия береді. Бұл субсидия көлемі әлсіз басылымдардың жылдық табысының 15-20 пайыз көлемін құрайды. Норвегия газеттерге тікелей қолдау көрсетіп, салықтық жеңілдік жасау арқылы елдегі шағын газеттерді сақтап отыр. Люксембург жыл сайын кемі 5 журналист ұстайтын журналдар мен апталық газеттерге субсидия бөледі (жылына 7-8 млн еуро көлемінде). Сонымен қатар пошта тарифтерін төмендетіп, табыс салығына жеңілдік жасайды. Канада газеттерді сақтап қалу үшін жылына 75 млн доллар қаржы жұмсап отыр. Ал АҚШ-тың Нью-Йорк штаты жергілікті баспасөзге арналған «Newspaper and Broadcast Media Jobs Program» аясында жыл сайын 30 млн доллар қаржы бөледі. Сонымен қатар «Local Journalism Sustainability Act» жобасы арқылы жергілікті газет жазылымдарына 250 долларға дейін мемлекет тарапынан салықтық несиелер қарастырылған. Вирджиния, Вашингтон, Иллиной штаттарында журналистерге салықтық жеңілдік жасайтын және жарнамаға қолдау көрсететін платформалар бар». Өзге елдердің баспасөзге жасаған қамқорлығына қызыға қараймыз. Біздегі жағдайды ойласақ, көңіл құлазып, еңсең түседі. Алайда бізді қуантатын бір жайт бар. Ол – оқырманның қамқорлығы. Биылғы жылдың екінші жартыжылдығына да ұмытпай газетке жазылып, жыл соңына дейін бізбен бірге болуды құп көрген оқырманның ыстық ықыласы мен пейілі алға жетелейді. «Оқырман көңілінен шықсақ» деген ой бізді қамшылай түседі. Қаланың қым-қуыт тіршілігінен шаршасаңыз, тіпті қолыңыздағы телефоннан да жалыққан сәтте газет оқысаңыз бір сергіп қаласыз. Себебі газет-журнал, кітап оқу – жан рахаты ғой! Біз осыны ұмыта бастағандаймыз. Ендеше, пошташы есігіңізге қыстырып кеткен газетті қолыңызға алып, оқып көріңіз. Сіздің іздегеніңіз, мүмкін, газетте болар... Қош келдің, жаңа оқырман!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

■ ШІЛДЕНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕКЕНБІСІ – ДОМБЫРА КҮНІ

Елімізде 2018 жылдан бері «Домбыра күні» мерекесі аталып өтуде. Бұл күн халық арасында ұлттық өнерге деген құрметті арттырып, жас буынның домбыраға деген қызығушылығын қайта жаңғыртты.

ЖЫР ЖАУҺАРЫН СЫЙЛАҒАН ӨНЕР КЕРУЕНІ

Кейде тарихтың тылсым үні алыстан естілген күй сияқты, тұла бойың шымырлап, жүрек түбінде бір сағыныш ойнайды. Қызылорда – сондай сағынышты, сырлы үнді бойына жынып алған мекен. Мыңжылдық тарихтың жүгін арқалаған, жүз жылдық рухты бойына сіңірген осы шаһар бүгінде жаңғыру мен жанарудың жаңа белесінде. Биыл Сыр өңірі ғана емес, күллі қазақ халқы үшін маңызды жыл. Өйткені Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-інің астанасы болғанына және қазақ атауының тарих төріне қайта оралғанына тура жүз жыл толып отыр.

4-БЕТТЕ



■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК: САНЫ БАР, САПАСЫ ШЕ?



Соңғы жылдары қалада қоғамдық көлік саласын дамыту бағытында ауқымды жұмыс атқарылып келеді. «Қызылорда автобус паркі» ЖШС жолаушы тасымалын қамтамасыз етуде жыл сайын түрлі жобаларды іске қосып келеді. Бүгінде серіктестіктің заман талабына сай жаңадан салынған автобус паркі пайдалануға берілді. Мұнда көлік жөндеу шеберханасы, газ құю бекеті мен автожол орталығы 3 ауысыммен, тәулігіне 24 сағат бойы үздіксіз жұмыс істейді.

4-БЕТТЕ

ДОМБЫРА – ҰЛТТЫҢ ҮНІ



Қазақ пен домбыра қашанда егіз ұғым. Ілгеріде қазақтың үйінің төрінде қара домбыра лүлі тұратын.

Домбыраның қыр-сырын менгеріп, бүгінгі ұрпақ бойына сіңіріп жүрген жанның бірі, қызылордалық шебер Біржан Ділманов. Мереке қарсаңында домбыра шеберімен аз-кем тілдескен елік.

– Бұл – біздің ата-бабамыздан келе жатқан өнер. Ұсталық қасиет әкем – Базарбектен дарыған. Ділманов әулеті осы кәсіппен айналысады. Негізі, әу баста үлкен ағамыз Сапарбек домбыра жасайтын цех ашып, осы істі бірінші болып қолға алды. Қазір оның ізін біз жалғап келеміз, – дейді «Жетіген саз аспаптар» ЖШС шеберханасының жетекшісі Біржан Ділманов.

Оның айтуынша, домбыра жасау үшін шыдамдылық, музыкалық білім, ең бастысы, ептілік керек. Бойында осы үш қасиет болмаған адамның қолынан шыққан дүние бәрібір ойдағыдай шықпайды екен.

– Домбыра жасаудағы мақсатым – көп ақша табу емес, сапалы ұлттық аспап жасау. Домбыраның жақсысы – ағашынан» демекші, ең жақсы деген материалды қолдануға тырысатынымыз сондықтан. Бұл ұлттық аспаптың үні күмбірлеп, таза шығуына да үлкен рөл атқарады. Мені әкем кішкентайымнан әрбір дүниені сапалы әрі сәнді етіп жасауға үйреткен. Әкемнің сол өнегесінен әлі күнге дейін жаңылған емеспін. Бір айда бір домбыра жасасам да сапалы болғанын қалаймын. Ағашына, бояуына, тіпті, желіміне дейін аса мән беремін. Ағаштардың көбісі шетелден келеді. Үйенкі, қайың, полесандра, Индияның қызыл ағашы, америкалық жаңғақ ағаштарынан әзірлеймін. Домбыраны тұтынушылардың тапсырыс беруіне қарай жасаймын. Құрамалы, шауып та жасайтын домбыралар бар. Әуелі мойын ағашын жонып аламыз, сонан соң шаңағын иеміз. Осы сияқты оның жасалуының да өзі реті бар. Олардың өлшемдері де әрқалай. Алты жасқа дейінгі балаларға көлемі 32 сантиметрлі домбыра жасалады. Алты мен он екі жастағыларға 40-44 сантиметрлігі әзірлейміз, – дейді Біржан Ділманов.

Бесаспап Біржан тек қана домбыра емес, түрлі аспап жасайды. Мәселен, шертер, альт-домбыра, альт-шертер, прима-домбыра, бас домбыра, дауылпаз, сылдырмақ, жетіген, кобыз, скрипка, виолончель сынды аспаптардың хас шебері.

Халқымыздың қанына сіңген ұлттық дәстүрлерімізді дәріптеп, ұлттық аспаптарымызды ұлықтап жүрген Біржан Ділмановтың шеберлігіне тәнті болдық.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Нұржан АХАТОВ, Қызылорда қаласының әкімі:

ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ АУЫЛДЫ,



БЕЛКӨЛ КЕНТІ:

Электр желісі жаңарып, көшелер жөнделген

Қала әкімі ең алдымен Белкөл кентіне ат басын бұрды. Кездесу барысында елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен инженерлік инфрақұрылымының даму барысы талқыланды. Соңғы жылдары бөлінген қаржы көлемі артып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Жол жөндеу, жарықтандыру, абаттандыру және әлеуметтік нысандарды жаңғырту жұмыстары тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған нақты істердің жемісі.

– Белкөл – Қызылорданың іргесіндегі әлеуеті жоғары елді мекендердің бірі. Соңғы жылдары мұнда ауқымды жобалар жүзеге асып, инфрақұрылым жүйелі түрде жаңғыртылып келеді. Өткен жылы 256,2 млн теңге бөлініп, жол, жарық, жаяу жүргінші жолы, балалар алаңы, көпқабатты үйлердің шатыры, аялдама сынды тұрғындар үшін өзекті мәселелер ең алдымен шешімін табуда. Биыл бұл жұмыс өз жалғасын тауып, 306,7 млн теңгеге жоспар жасалды. Кенттің негізгі көшелеріне күрделі жөндеу, жана мәдениет үйін салу, тозығы жеткен электр желілерін жаңарту, көріз жүйесіне қосу және демалыс паркін салу тұрғындар көтерген өзекті мәселелердің негізінде қолға алынууда. Кәсіпкерлік пен жұмыспен қамту да назардан тыс қалған жоқ. Мемлекеттік қолдаудың арқасында 2024 жылы 2,5 млрд теңгеден астам сомаға 28 жоба қаржыландырылып, 2025 жылдың алғашқы тоқсанында тағы 4 жоба қолдау тапты. Жұмыссыздық деңгейі төмен, бұл – сiздердiң белсендiлiктерiнiздiң нәтижесi. Әр көшеге жарық жағылып, әр ауладан балалар күлкісі естілсе, мақсатымызға жеттік деген сөз, – деді қала әкімі.

Атап айтсақ, өткен жылы Бірлік пен Путьцева көшелеріне 27,9 млн теңгеге түнгі жарық бағаналары орнатылған. Сонымен қатар Бірлік көшесіне және Бірқазан елді мекеніне балалар ойын алаңдары салынды. Кенттегі Қ.Әбдіқадыров көшесіне 62,3 млн теңгеге жаяу жүргіншілер жолы төселген. Сондай-ақ электр желісі жаңғыртылып, Жерұйық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне 4370 метр электр желісі тартылды. Бұл жұмыс «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асуда.

ТАСБӨГЕТ КЕНТІ:

Апатты үй тұрғындарының мәселесі – жігі назарда

Белкөlden кейінгі сапар Тасбөгет кентінде жалғасын тапты. Кездесу барысында әкім тұрғындармен жүздесіп, атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріп, алдағы жоспарлармен бөлісті.

Кездесу барысында соңғы жылдары Тасбөгетте іске асқан ірі жобаларға, атап айтқанда, жол жөндеу, жарықтандыру, газ және ауызсу желілерінің құрылыс жұмыстарына, сондай-ақ абаттандыру мен тұрғын үй инфрақұрылымын жақсартуға аса назар аударды. Сонымен қатар әкім тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселелердің шешу жолдарын ортаға салып, нақты қадамдарды атады.

– 2024 жылы Тасбөгет кентінің бюджеті 541,9 млн теңге болып бекітілсе, 2025 жылға 456 млн теңге көлемінде қаражат қаралған. Бұл қаржы кенттің инфрақұрылымын жаңартуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталып отыр. 2024 жылы 98,3 млн теңгеге Ә.Оразбаев көшесінің 1,8 шақырым бөлігі орташа жөндеуден өтті. Кенттегі әлеуметтік нысандар орналасқан 6 көшеге 115 млн теңгеге жаяу жүргіншілер жолы салынды. Сабалық елді мекенінде газ желісінің құрылысы басталып, 319,4 млн теңге қаржы бөлінді. Ал биыл бұған қоса 106,4 млн теңге қаралды, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Сондай-ақ 33,8 млн теңгеге Өткелбаев, Жангелдин, Жанкин, Әбілкасымов, Сейфуллин, Мәмбетов көшелерін жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. Жол жөндеу жұмыстарына 20,8 млн теңге, абаттандыруға 79 млн теңге бағытталған.

Қала басшысы тұрғын үйлердің шатыры, қоғамдық көлік пен жол мәселелері де назарда екенін атап өтті.

– Тұрғын үйлердің шатырын жөндеуге 80,9 млн теңге қарастырылды. Сабалықтағы ауызсу ұңғымасының жобасына 10 млн теңге, аяқсу тарту құрылымын жаңғыртуға 15,5 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар №8 бағыттағы қоғамдық көліктің жұмысын енді «Қызылорда Автобус паркі» үйлестіруде, – деді қала әкімі.

Халықпен жүздесу барысында әкім алдағы жоспарлармен бөлісті.

– Сабалық елді мекенін ауызсумен толық қамту үшін 389 млн теңге қаржы қаралды. Қазіргі таңда мердігерлер анықталып, аталған жобалар жүзеге асуда. №4 қалалық емханаға 350 орындық жана ғимарат салу жоспарымызда бар. Наурыз және Тасарық шағын аудандарындағы апатты үй иелерін заңға сәйкес жаңа пәтерлермен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде, – деді қала әкімі Нұржан Сәбитұлы.

Сондай-ақ әкім қоғамдық көлік жүретін көшелерді жөндеуге де назар аударатынын айтты. Жоба құны 328 млн теңге болатын көшелердің құжаттары қайта қаралып, түзетуге қаржы сұралған. Тасарықтағы және басқа шағын аудандардағы бірнеше тұрғын үйдің шатырына жөндеу жүргізу үшін 23,6 млн теңге бөлінгенін атап айтты.

АҚЖАРМА:

Талдыаралға – таза ауызсу

Келесі бағыт Ақжарма ауылдық округі болды. Соңғы жылдары Ақжарма ауылдық округінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту бағытында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Ауыл табиғи газға қосылып, жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілген және бірнеше көшеге жарық шамдары орнатылып, балалар ойын алаңдары мен тас жолдар салынған. Бұл – ауылдық округтің өмір сапасын жақсартуға арналған жүйелі жұмыстың көрінісі.

Қала әкімінің айтуынша, Ақжарма ауылдық округінің жыл басындағы бюджеті 158,4 млн теңге болса, биыл бұл көрсеткіш 431,6 млн теңгеге жеткен. Бұл – округті дамытуға деген басым бағыттың дәлелі.

– Өткен жылы ауыл тұрғындарының көптен күткен қуанышы – ауылға табиғи газдың тартылуы. Бұл – тұрғындардың күнделікті тұрмысын жеңілдетіп қана қоймай, өмір сапасын арттыруға тікелей әсер ететін үлкен жетістік, – деді қала әкімі Нұржан Сәбитұлы.

Сондай-ақ Баймұрат батыр ауылында 422,5 млн теңгеге дәрігерлік амбулатория салынды. Бұл нысан ауыл тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетуге жол ашты десек артық айтқандық емес. Ақжармада жол, жарық, ауызсу сынды инфрақұрылым мәселелері де кешенді түрде шешілуде. Талдыарал елді мекенінде балалар ойын алаңы мен көше шамдары орнатылып, тұрғындардың өмір сүруі әлдеқайда жақсарып келеді.

– Баймұрат батыр ауылының жаңа көшелеріне тас жол салуға қажетті қаржының 31,1 млн теңгесі бөлініп, алғашқы кезеңде 2 көшеге тас төселді. Ал 2025 жылы 292,2 млн теңгеге 17 көшеде жұмыстар жалғасуда. Жалпы жоба құны 372,4 млн теңгені құрайды, – деді қала басшысы.

Сонымен қатар Талдыарал елді мекенінде құны 656,9 млн теңгені құрайтын су тарату насос станциясының құрылысы басталды. Бұл ауылды таза ауызсумен қамтуды түбегейлі шешуге бағытталған ірі жоба. 2024 жылы округ бойынша жобалық құны 30,5 млн теңге болатын 7 жоба мемлекеттік қолдау арқылы қаржыландырылды. Оның ішінде «Бастау Бизнес» аясында 5 жоба 7,4 млн теңге грант жеңіп алды.

Қала басшысы тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, негізгі мәселелерге арнайы тоқталды.

– «Құбас» көшесіне электр желісін тарту Тасбөгет РЭС-тің 2025 жылға арналған жоспарына енгізіліп, жұмыстар басталмақ. Көпқабатты үйлерді газдандыру «СМП Қызылорда» ЖШС және «ҚазГазАймақ» мекемелері тарапынан тиісті жұмыстар заң аясында жүргізілуде. Ұялы байланыс және интернет сапасын жақсарту үшін жаңа байланыс мұнарасы орнатылып, жабдықтар орнату бойынша келісімдер жүріп жатыр. Талдыаралдың жаңа көшелеріне жарық жүргізу жобасы бойынша мердігерге қатысты сот шешімі шыққан, енді компания өз міндетін орындауға кіріспек, – деп нақты атап өтті қала басшысы Нұржан Ахатов.

Сондай-ақ демалушылар есебінен жабық спорт кешенін салу, жаңа көшелерге су құбырын тарту сияқты жобалар да жоспарға енгізілгені айтылды.

АҚСУАТ:

Өткен жылғы бюджет миллиардтан асты

Қала әкімінің тұрғындармен кездесуі Ақсуатта жалғасты. Кездесу барысында елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымның жай-күйі, инженерлік желілердің ахуалы және алдағы жоспарлар сөз болды. 2024 жылы Ақсуат округінің бюджеті 1,2 млрд теңгеге дейін ұлғайып, түрлі бағыттағы ірі жобаларға жол ашылды. Бұл қаржы жол салу, жарықтандыру, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, абаттандыру және әлеуметтік қолдау шараларын қамтыды. Ауыл ішіндегі ондаған көшеге асфальт төселіп, жарық бағаналары орнатылып, электр желілері жаңартылуда. Сонымен қатар тұрғындардың ұсыныстары мен көтерген мәселелері де назардан тыс қалмай, нақты шешімдер қабылданған.

– 2024 жылы Ақсуат ауылдық округінің бюджеті 1 млрд 225,7 млн теңгеге жетіп, бұрын-соңды болмаған ауқымды жобалар жүзеге аса бастады. Ал 2025 жылға 788 млн теңге жоспарланған. Былтыр ауылдық округтегі Бөйтен, С.Стамбеков көшелеріне республикалық бюджеттен 98,6 млн теңгеге жол салынса, С.Байқадамов, Т.Ақырзаева, Қаратабан, Ө.Құлманов, М.Дүйсенбаев көшелерін облыстық және қалалық бюджет есебінен 865,8 млн теңгеге жөндеуден өткіздік. П.Тлепбаев, А.Найзағараев, Б.Жүсіпбеков, Канал-2 сияқты маңызды көшелерде де 100 млн теңгеге жол құрылысы басталды, бұл жұмыстарға биыл 616,7 млн теңге бөлініп әрі қарай жалғасады, – деді қала әкімі Нұржан Сәбитұлы.

Округтің 32 көшесіне электр желілерін тарту жұмыстары 2024 жылы басталып, оған 74 млн теңге бөлінді. Биыл бұл бағытта 573 млн теңге қаралып, құрылыс жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл 22,5 шақырымнан аса жанадан қоныстанушы аумақтарды жарықпен толық қамтуға мүмкіндік береді.

– Электр желілерін толық тартқан соң, ауылдағы бұрын жарық көрмеген көшелер мәселесі түбегейлі шешіледі, – деді қала әкімі.

Былтыр А.Құнанбаев, Т.Бекмұратов, Б.Епенов және Қ.Үсенбаев көшелеріне 17 млн теңгеге түнгі жарық шамдары орнатылған. 2025 жылы А.Арысбаев, О.Жақенов, Орманбаев көшелеріне тағы да 11,2 млн теңгеге жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар А.Найзағараев пен Е.Адыранова көшелерінде 5,6 млн теңгеге спорт жаттығу алаңы және 5,1 млн теңгеге балалар ойын алаңы салынды.

Қосшыңырау: Инфрақұрылым жақсарды

Қала әкімінің халықпен кездесуі Қосшыңырау ауылдық округінде жалғасты. Соңғы жылдары Қосшыңырау округінде жол, жарық, газ, ауызсу, әлеуметтік



нысандар құрылысы сияқты маңызды бағыттарда жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2024 жылы 144,9 млн теңге көлемінде бекітілген округ бюджеті 2025 жылы 201,7 млн теңгеге дейін ұлғайды. Бұл өсім ауылдың инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған нақты жобаларға жол ашты. Кездесу барысында халықпен ашық сұхбат құрылып, тұрғындар ұсыныс пікірлерін жеткізді. Қала басшысы әрбір мәселе назарда екенін айтып, нақты шешімдер мен алдағы жоспарлармен бөлісті.

2025 жылы Қосшыңырау ауылдық округінің бюджеті 201,7 млн теңгеге жеткен. Бұл ауыл инфрақұрылымын жаңғырту, жарық, жол, газ, әлеуметтік нысандар құрылысы және халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдаудың көрінісі.

– Өткен жылы Досан елді мекенінің жаңа қоныс аумағына 50 млн теңгеге электр желісі тартылса, биыл бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 307,1 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бұл ауылдың басты мәселесінің бірі жарықпен қамту жайының шешілуі деген сөз, – деді қала әкімі Нұржан Сәбитұлы.

Абай ауылындағы Телемұра және Гагарин көшелеріне түнгі жарық шамдарын орнатуға 3,7 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар Досан ауылының №2, 7 және 12 көшелеріне демалушылардың қолдауымен құжаттар дайындалып, қалалық бюджеттен 49,2 млн теңге бөлініп, жол жөндеу жұмыстары басталған. 2024-2025 жылдары 10 млн теңге қаржыға балалар ойын алаңдары мен спорт алаңдары жөнделіп, жаңадан салынған.

АУЫЛМЕН БІРГЕ ҚАЛАНЫ ДАМЫТАМЫЗ

ҚАРАУЫЛТӨБЕ:

Ауызсуға жаңа құбыр тартылмақ

Қарауылтөбе ауылдық округі де қала әкімінің назарынан тыс қалған жоқ. Қала басшысы ауылдың өзекті мәселелерін шешуде нақты жоспарлар жасалып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқанын атап өтіп, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырма берді.

Қарауылтөбе ауылдық округі қала іргесіндегі әлеуеті мықты елді мекендердің бірі. Соңғы жылдары мұнда халық саны артып, жаңа қоныс аудандары бой көтеріп келеді. Осыған орай, ауылдың инфрақұрылымын дамыту, әлеуметтік мәселелерді шешу күн тәртібінен түспейтін маңызды міндеттердің бірі.

Сапар барысында қала әкімі алдымен елді мекеннің инфрақұрылымдық жағдайын аралап көрді.



жол, жарық, су, әлеуметтік нысандар сынды негізгі мәселелермен танысып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысын тексерді. Сонымен қатар тұрғындардың ұсыныс, пікірлерін тыңдады.

Сапар аясында қала әкімі алдымен инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асу барысымен танысты. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде ауыл ішінде 6 көшеге асфальт төселіп, 737,9 млн теңгеге жол жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұл округтің жол сапасын жақсартып, тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған маңызды бастама.

– Халыққа жайлы орта қалыптастыру басты міндетіміз. Соңғы жылдары Қызылжарма ауылында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Біз бұл үрдісті тоқтатпаймыз. Күрделі жөндеу, жарықтандыру, жол құрылысы және сумен қамту кешенді шешілуі тиіс мәселелер. Жергілікті бюджет есебінен 5 млн теңгеге Дүйсенбиев, Мұратбаев, Новая көшелеріне түнгі жарық шамдары орнатылды. Бұдан бөлек, тағы 9,8 млн теңгеге Сражадинов, Камалов, Нағызбеков, Ешимов көшелеріне жарық бағаналары қойылып, пайдалануға берілді. Жарықтандыру мәселесі бойынша 2025 жылы жалпы сомасы 43,3 млн теңгені құрайтын жұмыстар өз жалғасын табады, – деді қала әкімі тұрғындармен кездесуде.

Ауыл тұрғындары үшін маңызды нысандардың бірі – «Тағзым алаңы» да толық абаттандырылып, жаңартылды. Бұл жұмысқа 25,2 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар санитарлық тазалыққа 20,2 млн теңге қаралып, жүйелі тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Ауылдың өзекті мәселелерінің бірі – ауызсу. Бұл бағытта ауыл әкімдігі тарапынан 244,8 млн теңгеге 3 ұңғыма қазу жобасы ұсынылып, қазіргі таңда «Бак-Береке» ЖШС мердігер мекемесі бұрғылау жұмыстарын бастап кеткенін айтты.

– Қызылжарма халқы көп шоғырланған, қарқынды дамып келе жатқан округ. Мұндағы ауызсу, көріз жүйесі, жарықтандыру сияқты мәселелер тікелей бақылауымда. Бөлінген қаржы уақытында әрі тиімді игерілуі қажет. Әр істің артында халықтың үміті бар, – деген қала әкімі сала басшыларына нақты тапсырма берді.

Ауылда 67 көшеге электр желісін тарту жұмыстары да басталып кетті. Бұл максатта 350 млн теңге бөлініп, «Сәт-Сервис» ЖШС мердігер ретінде бекітілген. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарының негізгі бөлігі аяқталуға жақын.

Кездесу барысында кәсіпкерлік пен жұмыспен қамту саласына да назар аударылды. 2024 жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында құны 334,7 млн теңге болатын 70 жоба қолдау тапқан. Округте қазіргі уақытта 445 жеке кәсіпкер, 16 шаруа қожалығы тіркелген.

Қала әкімі сапар барысында бірқатар әлеуметтік нысандарға да аялдады. №144 Сақтапберген Әлжіков атындағы орта мектеп, «Сыр дидары» балабақшасы, дәрігерлік амбулатория мен мәдениет үйінің жұмысымен танысты. Мекемелерде көрсетілетін қызмет сапасын арттыру, күрделі жөндеу қажеттіліктері бойынша тиісті бөлімдерге нақты тапсырма берілді.

ҚЫЗЫЛӨЗЕК:

Халықтың ұсынысы – басты назарда

Қызылөзек ауылдық округі – соңғы жылдары ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асып жатқан ауылдардың бірі. Халқының белсенділігі мен дамуға деген ұмтылысы жоғары бұл округті Қызылорда қаласының әкімі назардан тыс қалдырмады.

– Қызылөзек – соңғы жылдары даму қарқыны жоғары ауылдық округтердің бірі. Ауылдағы халықтың тұрмыс сапасын жақсарту үшін біз жүйелі жұмыс

істеп келеміз. Инфрақұрылымнан бастап, кәсіпкерлікке дейін кешенді қолдау көрсетілуде. 2025 жылға округ бюджеті 723 млн теңгеден асып отыр. Бұл қаражат негізінен инженерлік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында ауылдағы 3 елді мекендегі электр желілерін жаңғыртуға 1 млрд 192 млн теңге қаралған. Сонымен қатар ұзындығы 3,2 шақырымды құрайтын А.Құнанбаев, Қараөзек бекеті-4 көшесі және М.Жабағыұлы түйығының жол құрылысы толықтай аяқталды. Жол, жарық, ауызсу ауылдағы өмір сапасын анықтайтын басты көрсеткіштер. Қызылөзекте осы бағыттағы жұмыстар жүйелі қолға алынған. Біз басталған жобалардың сапалы әрі уақытылы аяқталуын бақылауда ұстаймыз, – деді қала әкімі.

Сондай-ақ биыл Қараөзек ауылына кіреберістегі «Қожақ» көпірінің күрделі жөндеуіне 292 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Газдандыру бағытында 3 елді мекенге ілеспе газ тарту үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өткізіліп жатыр. Қаржыландыруға ұсыныс республикалық бюджетке жолданатын болады. Қосымша түнгі жарықтандыру мен балалар ойын алаңын салу жұмыстары да биылғы жоспарға енгізілген.

Кездесу соңында қала әкімі тұрғындармен еркін форматтағы сұхбат өткізіп, әрбір сұраққа жеке тоқталды. Сондай-ақ бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

– Қызылөзек әлеуеті жоғары, халқы ынтымақты ауыл. Сіздердің ұсыныстарыңыз біз үшін бағыт-бағдар. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржыны тиімді пайдалана отырып, ауылдың келешегіне бірге қызмет етеміз, – деді қала әкімі.

ТАЛСУАТ:

Әр жобаның артында халықтың үміті бар

Күн тәртібіндегі жұмыс сапарын қала басшысы Талсуат ауылымен аяқтады. Ауылдың бүгінгі жай-күйін көзбен көріп, тұрғындармен ашық пікір алмасқан әкім округтің даму қарқынына оң баға берді. Қаладан қашық емес Талсуатта инфрақұрылым мен әлеуметтік саланы жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде.

2025 жылға ауылдық округтің бюджеті 160,5 млн теңгені құрап отыр. Бұл қаражат негізінен жол жөндеу, жарықтандыру, абаттандыру, ауызсу, әлеуметтік нысандарды қолдау және кәсіпкерлікке жол ашу бағытында жұмсалуда. Сығанақ пен №3 түйық көшелеріне қиыршық тас, ал №1 түйық көшесіне жарық шамдары орнатылып, тұрғындар үшін жайлы орта қалыптастыру ісі жалғасып жатыр. Сонымен қатар Тағзым алаңы абаттандырылып, әлеуметтік мекемелерге дейін жаяу жүргіншілер жолы мен жарық желілері тартылды.

– Талсуат – болашағы бар, дамуға бейім ауыл. Бұл жерде халық белсенді, елге жанашыр. Біз әр тұрғынның тұрмысын жақсарту үшін нақты жұмыс істейміз. Жол, жарық, су, әлеуметтік нысандар бұлардың бәрі кезең-кезеңімен шешіледі. Әр істің артында адамның өмірі тұр. Сондықтан жауапкершілік жоғары. Біз халықпен бірге бір бағытта қадам басуға дайынбыз, – деді қала әкімі тұрғындарымен кездесу кезінде.

Әр ауыл – бір тарих, әр көшесі еңбекпен өрілген өмір жолы. Қызылорда қаласына қарасты ауылдық округтерді аралаған қала әкімінің бұл кездесуі – халықпен жан-жақты байланыс орнатудың, ауылдың тыныс-тіршілігін терең түсінудің, әрбір мәселені өз орнында шешуге бағытталған шынайы әрекеттің көрінісі. Белкөлден бастау алған бұл сапар Қызылөзекке дейін жалғасып, қала іргесіндегі әрбір елді мекенге серпіліс берді. Қалаға іргелес жатқан бұл округтер – қаланың дамуына өзіндік үлес қосып отырған, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары елді мекендер. Алайда шешімін күткен мәселелер де жоқ емес. Жол мәселесі, жарықтың әлсіздігі, ауызсу тапшылығы, әлеуметтік нысандардың ескіруі, кәсіпкерлікке қолдаудың жеткіліксіздігі сияқты мәселелер тұрғындардың күнделікті өміріне әсер етпей қоймайды. Бұл түйткілдердің әрқайсысы әкім назарынан тыс қалмады. Керісінше, әр мәселе нақты зерттеліп, салалық басқармаларға, бөлім басшыларына міндеттер жүктелді. Әр округте басталған құрылыс, абаттандыру, инфрақұрылымдық жаңғырту жұмыстары жүйелі дамудың айғағы.

– Әр ауыл біз үшін маңызды. Әр ауылдың гүлденуі біздің ортақ парызымыз. Біз атқарылып жатқан әр істі жіті бақылап отырамыз. Бөлінген қаражаттың тиімді игерілуі, сапалы жұмыс, уақытында аяқтау – басты назарда. Себебі әр жобаның артында халықтың үміті, сенімі бар, – деді қала әкімі бір кездесуінде.

Әр ауылда өткен кездесулер есеп беру емес, керісінше түсінісу мен ортақ мүдде төңірегінде келісу болды. Бұл әкім мен халықтың арасындағы сенім көпірінің берік болуына жол ашты.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА





ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК: САНЫ БАР, САПАСЫ ШЕ?

БАҒЫТ КЕҢЕЙІП, САПА АРТЫП КЕЛЕДІ

Бастапқыда небәрі 5 бағытпен жолаушыларды тасымалдап келген мекеме бүгінде 32 бағытқа дейін кеңейіп отыр. Атап айтқанда, №1-ден бастап №32-ге дейінгі тұрақты бағыттармен қатар, «Ягодка», «ПМК-29», «ПМК-66» саяжайлары мен «Прудхоз» елді мекендеріне де көлік қатынауын қамтамасыз етуде. «Қазір автобуска мінісең, таксиден кем емес», – деп бағалап жатады қала тұрғындары. Расында, қоғамдық көліктердің іші таза, талапқа сай, салқындатқышпен жабдықталған.

Қазіргі таңда қалада 240 автобус қызмет етуде. Алдағы уақытта қаладағы барлық бағытты толық қамту мекеменің жоспарына енгізілген.

Облыс әкімінің қолдауымен 2022-2024 жылдары аралығында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы табиғи газбен жүретін 300 дана «Yutong ZK6852 HG» маркалы автобус сатып алынған. Бұл – техникалық талаптарға толық сай келетін, жайлы әрі заманауи қоғамдық көліктер.

САНДЫҚ ЖҮЙЕ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Цифрландыру дәуірінде қоғамдық көлікте де «АЛЕМПАУ» ЖШС-мен келісім негізінде жол ақысын SMS, QR-код, арнайы мобильді қосымшалар, көлік және банк карталары арқылы төлеу мүмкіндігі қарастырылған. Сараптанған тариф бойынша 2023 жылдың қыркүйегінен бастап электронды төлем – 85 теңге, ал қолма-қол есептесу 130 теңге болып бекітілді.

Автобустар бүгінде 2GIS, Яндекс GO, Яндекс карталар қосымшаларына тіркеліп, әр жолаушы өз бағытын, автобус келу уақытын онлайн түрде бақылай алады. Қарбалас өмірде қапысыз өмір сүруге, үлгеруге үлкен сеп. Сонымен қатар автобустарда аялдамалар атауын автоматты түрде хабарлап, жолаушыларды қалта ұрлығынан сақтандыру, жол билетін талап ету секілді ескертулерді де автоматты түрде жеткізіп отырады. Бұл жүргізуші назарын бөлмей, тек көлік жүргізуге ден қоюына мүмкіндік береді.

ЖҮРГІЗУШІГЕ АРТАР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АЗЫР

Автобус тізгініне отыру – үлкен жауапкершілік. Жүргізуші тек темір тұлпарды емес, жолаушылардың өміріне де жауапты. Жол апаттарының алдын алу мақсатында «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-де жүргізушілерге апта сайын жол ережелері оқытылып, көлік жүргізу мәдениетіне ерекше көңіл бөлінеді. Жанадан жұмысқа қабылданатын мамандар арнайы комиссия сүзгісінен өтеді.

Сонымен қатар еңбеккерлерге лайықты құрмет көрсету де назардан тыс қалған емес. Мемлекеттік және кәсіби мерекелерде үздіктер Алғыс хатпен марапатталып, кәсіподақ ұйымы есебінен жолдама беріледі. «Мектепке жол» акциясы аясында жұмысшылардың балаларына мектеп құралдары таратылады. Мерекелерде арнайы іс-шаралар ұйымдастырылып, марапаттау дәстүрге айналған.

ЭКОТАКСИ – ТАЗА КӨЛІК, ТАЗА ҚАЛА

Былтыр экологиялық ахуалды жақсарту және көлік жүйесін одан әрі дамыту мақсатында 100 дана жана электромобиль сатып алынып, «Экотакси» қызметі іске қосылды. Электр қуатымен жүретін бұл көліктер 460 шақырымға дейін жол жүре алады. Қуаттау бекеті бүгінде қала аумағында 9 нүктеде орналасқан.

Экотакси қызметіне «Апару», «Яндекс», «Жұлдыз ТАХІ» мобильді қосымшалары арқылы тапсырыс беруге болады. Жобаның басты мақсаты – тек қолжетімді көлік емес, сонымен қатар экологияны жақсарту, «Таза Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру. Бұл – болашақ ұрпаққа экологиялық қауіпсіз орта қалдыруға бағытталған игі бастама.

ЖАҢА АВТОВОКЗАЛ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Қаламызда жолаушылар мен жүк тасымалын арттырып, қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында жаңа автовокзал салынды. Халықтың сұранысы мен қажеттілігіне сай салынған бұл нысанда тәулігіне 200 жолаушыға дейін қызмет көрсету мүмкіндігі бар. Мұнда 6 жолаушы қабылдау және 11 сапарға шығу перроны іске қосылған. Автобустарға арналған 30 орындық автотұрақ бар. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтарға толық жағдай жасалған.

Айдана БАХТИЯР

Басы 1-бетте

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Махашов Ахмет Төремұратұлының атына Қызылорда облысының полиция департаментінен берілген КЗ №19044 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Ұлт рухын ұлықтайтын мәдени, танымдық, тәрбиелік шаралар осы мақсатты дәріптейді. Қала күнтізбесі биылғы жылы бұрынғыдан өзгеше леппен өріліп, ай сайын әртүрлі іс-шаралар өтіп жатыр. Солардың бірі – Сыр елінің сахнасын жаңғыртқан, ұлттық өнердің алтын арқауына айналған Қызылорда қаласы әкімдігі мен Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» атты облыстық өнер байқауы басталды.

Қай кезде де өнер халықтың рухани тірегі, елдің елдігін дәріптейтін асыл қазынасы. Бүгінгі өнер додасы соның бір көрінісі. Бұл бастама тек сахналық қойылымдар мен концерттік бағдарламалар ғана емес, сонымен қатар ұмыт бола бастаған дәстүрлі өнерді қайта түлетіп, ұлт жадына сәуле түсіретін игі іс. Орталық алаңда бастау алған бұл өнер керуені облыстың әр ауданынан келген өнерпаздарды тоғыстырып, көрерменге рухани серпін сыйлары сөзсіз. Солардың алғашқысы – қарт Қаратаудың етегінен келген Жанақорғанның өнерпаздар қауымы болды.

Алашқы астана болған Қызылорданың төрінде ұйымдастырылған бұл шара тек концерттік бағдарлама ғана емес, тұтас бір ұлттың өнерін ұлықтауға арналған. Орталық алаң мерекелік көңіл-күйге толы болды. Өнер байқауының шымылдығын Жанақорған ауданының өнерпаздары ашты. Күймен көмкерілген кеш, жырмен жарасым тапқан сахна. Жанақорған елінің өнерпаз ұжымы көрерменге алғашқылардың бірі болып сәлем жолдады. Әр қойылым жүректең туған өнер туындысы, әр үн баба үнімен ұштасқан сырлы әуен.

– Бұл іс-шара биылғы жылдың басты рухани жобаларының бірі. «Тарихтың

Басы 1-бетте

Тарих тағылымымен үндескен, өткен мен бүгінгі ұрпақ сабақтастығының алтын көпіріне айналған айтулы мерекелердің бірі – **Қызылорданың астана мәртебесін алғанына 100 жыл толуы. Сонымен қатар биыл қазақ атауының қайта оралғанына да бір ғасыр толып отыр. Сыр өңірі елдің рухани өзегіне айналып, ұлт бірлігі мен тұтастығының үлгісіндей көрінеді. Бұл – тек өңірдің ғана емес, барша қазақ халқының ортақ қуанышы.**

Айтулы шара аясында өңірде түрлі мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылууда. Соның бірі – «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» атты облыстық өнер байқауы. Байқау Қызылорда қаласы мен 7 ауданның өнерпаздары қатысуда.

Мерекелік іс-шара шымылдығын Жанақорған ауданы ашса, рухани шашуын жырмен төккен Жалағаш ауданының өнерпаздары әрі қарай өнер көрігін қыздырды. Қаланың қанаттары орталық алаңда өткен бұл мәдени кеш ерекше әсер қалдырды. Алаң төрінен орын алған Жалағаш колонершілерінің көрмесі де көпшіліктің көңілінен шықты. Кештің сәнін келтірген мың бұралған бишілердің орындауындағы ұлттық би мен сахнаға шыққан жыршылар көрермен ықыласына бөленді.

– Бұл мәдени шара ауыл-аймақ таланттарының үлкен сахнада өнер көрсетуіне мүмкіндік берді. Бүгінгі кеш – талантты өнерпаздардың жарқырай көрінген күні. Мұндай бастама – тарих қойнауында мәңгілік сақталатын құнды дүние, – деді Қызылорда облысының мәдениет, архивтер басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов.

Расында, Жалағаш ауданы өнерпаздарының өнері көрерменнің көңілінен шықты. Қаланың көркін келтірген жаңа ғимараттар мен аймақтың жаңғыруы жайлы жырлар жүрекке қол тапты. Сахна төрінде әжелер ансамблі мен жастар бір толқында өнер көрсетіп, ұрпақ сабақтастығын айқын аңғартты. Жалағаш театрының

Орталық алаңдағы әсем ән мен тәтті күй көңілді тербеп, жанына бір ғаламат сезім сыйлайды. Қорқыт атадан басталған қойылым көрермен жүрегінен жол тауып, ақындар мен жыраулар қара сөзден қаймақ терген. Кезекті мерекелік концертті мойнына алған қармақшылықтардың қарқынына қала тұрғындары да риза болысты.

Облыстың бас қаласы, Алаштың ғасыр бұрынғы астанасы, Алаштің тасына аудан өнерпаздарының мерекелік концерті бірінен-бірі өтіп, талғам мен таңдаудың өзі қиынға соғып бара жатқан тәрізді. «Жыр қонған, Сыр тұнған қасиетті Қармақшы» аталған кешке «AMANAT» партиясы облыстық филиал төрағасы Алмасбек Есмаханов, Қармақшының тумасы, ақын Серік Ыдырысов, Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Самат Қыдырбекұлы қатысты.

– Биыл – Қызылорданың қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл. Оның

ЖЫР ЖАУҢАРЫН СЫЙЛАҒАН ӨНЕР КЕРУЕНІ



таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» атты өнер байқауы 3 шілдеге дейін жалғасын тауып, облыстағы барлық 7 аудан мен Қызылорда қаласының өнерпаздарын қамтиды. Бұл – тек мәдени көрініс емес, шалғайдағы өнер иелерінің елге танылуына, таланттардың сахнаға шығуына берілген зор мүмкіндік, – деді Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжімаханов.

Расында да, руханиятқа тұғыр болған Жанақорған ауданы қашанда өнердің туын биік ұстап келеді. Манап ақынның мекені, Әлшекей күйші мен Құлан ақынның ізі қалған қасиетті өлкеден шыққан өнерлі буын бүгінде өнер көшін жалғап келеді.

– Жанақорған тарихы терең, өнерімен өрлеген мекен. Бұл өлкенің әр тасы мен топырағында тектіліктің ізі жатыр. Аудандық мәдениет үйінің төңірегіне жиналған таланттар осы киелі топырақтың жемісі. Іргесі 1982 жылы қаланған Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінде бүгінде 2 шығармашылық мектеп, 3 мәдени демалыс кешені, 9 халықтық ұжым және 28 ауылдық клуб жұмыс істейді. Бұл ұжым қазақ өнерін дамыту жолында аянбай еңбек етіп жүрген жанашыр жандардың ордасы. Бүгінгі іс-шара сол еңбектің жемісі, – дейді Жанақорған аудандық мәдениет үйінің директоры Ұәлихан Ибрагимов.

ЖЫРДАН ШАШУ ШАШҚАН ЖАЛАҒАШ



жалынды жастары сахналық қойылым ұсынып, өнер кешіне серпін берді.

– Мәдени шара жоғарғы деңгейде өтуде. Аудандар арасындағы өзара бәсеке күндестіктен емес, ізгілікпен аталып өтуде. Бір-бірімен жақсылықпен озып, ұрпақ сабақтастығына үн қосқан тағылымды шара өтіп жатыр. Бұл байқау – аудандар арасындағы берік байланыстың ізгі

көрінісі екеніне тағы бір дәлел, – дейді алтын домбыра иегері Мұхтар Ниязов.

Өткен мен бүгінді жалғаған өнер кеші Сыр елінің руханияты мен мәдени әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ел ішінен келген таланттар елдің ықыласына бөленді.

Айдана БАХТИЯР

Жүз шайыр мен мың ақын көш бастаған, Керуені келді бізге Қармақшының...



үстіне, біз осыдан тура ғасыр бұрын ұлтымыздың ұлық атауын қайтарып алдық. Облысқа қарасты жеті аудан осы мерейтой қарсаңында күмбірлеген күйден, әсем әннен, мың бұралған биден жарысып, шашу

шашып жатыр. Қорқыт бабамыз бен Марал бабамыздың аруағы қолдап, өнерімен өрге жүзген Қармақшы ауданының концерті жоғары деңгейде өтіп жатыр. Елде мәдениет саласын қолдау жақсы жолға қойылған.

Аудандардан Руханият орталықтары ашылып, қызметін жалғастыруда. Мәдени дамуда Сыр елі республика бойынша көш бастап келеді, – деді А.Есмаханов.

Балқы Базары мен Дүр Онғары, Кете Жүсіп пен Көшенейі соңына мұра қалдырған шайырлар шыққан өлкенің Ақмешітке тартуы ерекше. Құттықтау сөз алған аудан әкімінің орынбасары Самат Қыдырбекұлы тарихқа тоқталып, Сырдың бас қаласының дамуы аймақта көшбасшы екенін алға тартты. Ал ақын Серік Ыдырысов жүрекжарды лебізін өлең жолдарымен жеткізді.

«Кеткенімше мына жалған фәнидан, Қармақшының әрбір сөзі – қағидам. Қай жерінде жүрсем-дағы әлемнің, Қармақшы елі – менің Мекке-Мәдинам», – деді ақын тебірене.

Өнер додасын тамашалауға келген халықтың қарасы қалың. Қасиетті мекеннің тумасы, Қызылорданың тұрғыны Серікбек Қасымұлы да өнерпаздармен бірге тұтас туған жері ере келгендей қуанды.

– Концерт өте керемет өтіп жатыр. Тарихтың тамырын тартып, қазақ өнерінің шоктығын биіктеткен шара болды. Қармақшы – өнердің тұ тіккен мекені. Туған жердің концертін көруге келіп, көңіліміз марқайып қалды, – дейді ол.

Дәулет ҚЫРДАН

Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Атқасына 2 рет, сөйсенбі, сенбі күндері шығала.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қыздарымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы Тапсырыс №1084

Нөмірдің кезекші редакторы Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА